



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

20 24 жылғы « 03 » 01
Ақтөбе қ.

№ 07

« ____ » ____ 20 ____ года
г.Актөбе

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы № 802 Жарлығы және Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024 -2026 жылдарға арналған Ақтөбе қалалық білім бөлімі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс жоспары бекітілсін (қосымша №1):

2. Білім беру ұйымдарының басшыларына:

2.1 Білім беру ұйымдарының жоспары мен талдау кестесінде туындаған мәселерге шаралар қабылдансын;

2.2 Білім алушының ата-аналарынан, заңды түрдегі өкілдерінен және педагогтардан заңсыз ақша жинауды болдырмау шаралары қабылдансын;

2.3 Заңсыз түрде ақша жинамау мақсатында оқушылар мен ата-аналар үшін «Сенім» телефоны және «Сенім» жәшігін ұйымдастырылсын;

2.4 Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын дамыту Қазақстан Республикасының 27 шілде 2007 жылғы «Білім туралы» Заңының 64 бабына сәйкес жүзеге асырылсын;

2.5 Мектеп оқушылары және мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-аналар мен заңды түрдегі өкілдерінен заңсыз ақша жинатпау білім беру ұйымының басшысына дербес түрде жүктелсін;

3. Қалалық білім бөлімі оқушылар, тәрбиеленушілер мен олардың ата-анасынан ақша жинау деректері анықталған жағдайда бірінші басшыға тәртіптік жаза қолдану сұрағы қарастырылсын.

4. Білім беру ұйымдарының басшылары осы бұйрықты педагогтарға өндірістік кеңесс, ата-аналарға жиналыс өткізу арқылы барлық педагогикалық қызметкерлер мен ата-аналар қоғамына жеткізілсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау өзіме қалдырамын.

Ақтөбе қаласы білім
бөлімінің басшысы



М.Косымбаева